

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТИ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.01. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал-доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері, жұмыс берушілер

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Білім беру бағдарламаларындағы таңдау компонентіндегі жаңа пәндерге силлабус, кешендерін әзірлеу және олардың мазмұндарын талқылау;
- 2.Жұмыс берушілермен байланыс орнату мақсатында дөңгелек үстел өткізу;
- 3.Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қаңтар айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Білім беру бағдарламаларындағы таңдау компонентіндегі жаңа пәндерге силлабус, кешендерін әзірлеу және олардың мазмұндарын талқылау барысында жұмыстарға тоқталды. Осы қаңтар айында 2023-2024 оқу жылына қабылданған білім беру бағдарламалары бойынша барлық пәндердің силабустары қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдеріне жасақталып, базаға салынды. Пәндердің сипаттамалары, оқыту нәтижелеріне БББ бойынша сәйкестігі тексеріліп, әрбір пәннің жауапты оқытушысы тексергендігін атап өтті.

АК мүшесі, академиялық персонал- К.И.Усманов сөз алып: БББ-н іске асыру мен жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен байланыс жасауды ұйғардық. Сөз кезегі жұмыс берушілерге беруді жөн санады.

Жұмыс беруші Ә.М.Сәрсенбі: 7M05426 және 6B05449 Математика білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндердің барлығы қазіргі заман талабына сай, математиканы қолданбалы бағытын қамтитын пәндер. Осы пәндерді игеруге бағытталған оқыту нәтижелері де кәсіби құзыреттерінде жоғары деңгейде жазылған. Бұл бағытты бітірген түлектерде, бізге жіберілетін практикант білімгерлердің де білімдері жақсы, теорияны практикамен ұштастыра алатындығын жеткізді. Қазіргі таңда барлық меңгерген білімізді математикалық және оны өңдеуде компьютерлік технологиялар мүмкіндігіне жүгінуге мәжбүрміз, сол талаптарды білімгерде және осы бағдарламаны бітірген түлектерде кәсіби құзыреттерінде көрініс тапқанын тілге тиек етті.

Жұмыс беруші Ш.Құрманбеков: 6B05449 Математика білім беру бағдарламасының білімгерлерінің өз тарапынан көңілге қонымдылығы, физика есептерін математикалық компьютерде өңдеп, шешімін алып, бізге нәтиже көрсеткендерін мақтан тұтатындығын жеткізді.

Жұмыс беруші Н.Абишов: Осы университеттің білімгерлерін заман талаптарындағы сұранысқа сай оқытуды қажет деп санаймын. Өзімде осы университеттің түлегімін. Өз тарапынан ұсынған «Актуарлық және қаржылық математика» пәнін білім беру бағдарламасына қосылғандығын және оны студенттерге дәріс ретінде оқытылып жатқаны қуантарлық жағдай, қазіргі қоғамға өте қатты қажет пәндердің бірі, қаржылық сауаттылық әрбір жеке тұлғаның білуі керек құзыреттері екендігін атап өтті.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Математика және статистика бағыты бойынша жұмыстар атқарылды. Осы бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын жақсарту мақсатында жақсы жұмыстар жасауымыз қажет деп өз сөзін аяқтады.

Шешім: 1. Бакалавр және магистратура дейгейіндегі ББ-ды жақсарту мақсатында атқарылатын күшейтілсін.

1. Қаңтар айындағы атқарылған жұмыстар назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:

Ж.С.Еркишева

Хатшы

К.И.Усманов